



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ЖМҚК директоры

Р. Емелбаев

2023 ж.

**«Мемлекет және құқық теориясының негіздері» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** 04210100 «Құқықтану» мамандығы бойынша, 4S04210101 – **Заңгер;** біліктіліктеріне арналған «Мемлекет және құқық теориясының негіздері» блогы бойынша педагог қызметкерлерге арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Мемлекет және құқықтың түсінігі, пәні, әдісі және құқық ғылым жүйесіндегі орны	1	Мемлекет және құқық теориясының пәні, әдістері және функциясы.
		2	Заң ғылым жүйесі
2	Мемлекеттің пайда болуы. Түсінігі, мәні, белгілері, тарихи типтері және қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің орны	3	Ру-тайпалық құрылымының құлдырауы және мемлекеттің пайда болуы. Мемлекет белгісінің қалыптасуы. Мемлекеттің егемендігінің, құқық шығармашылығының пайда болуы.
		4	Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің әлеуметтік тағайындалуы және оның мәні. Мемлекеттің типологиясы.
3	Мемлекет нысаны (формасы)	5	Басқару нысаны және түрлері Мемлекеттік құрылым нысаны және түрлері. Саяси режим және оның түрлері
4	Мемлекеттің функциялары. Мемлекет механизмі (аппараты). Құқықтық мемлекет және оның негізгі сипаты	6	Мемлекет функциясының ұғымы, мазмұны және оның жіктелуі. Мемлекеттік аппарат.
		7	Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жүйесі. Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік тағайындалуы
5	Құқық ұғымы және мәні. Қазіргі құқық ұғымы	8	Құқықтың мәні және тарихи типтері. Құқықтық функциялар және олардың әлеуметтік жағдайы
		9	Қазіргі ұғымдағы құқық. Құқық қайнар көздері және түрлері.



6	Құқық нормалары және оның құрылымы. Нормативтік - құқықтық актілер және оларды жүйелеу	10	Құқық нормаларының элементтері. Нормативтік-құқықтық актілердің түрлері. Нормативтік-құқықтық актілерінің жүйелерінің ұғымы және түрлері.
7	Әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық. Құқықтық сана және қоғам өміріндегі оның рөлі. Құқықшығармашылық.	11	Әлеуметтік нормалар және оның түрлері. Құқықтық сана, элементтері және түрлері. Заңгердің кәсіптік санасы. Құқықшығармашылық және оның түрлері.
8	Құқықты жүзеге асыру нысандары. Құқықтық нормаларды жүзеге асыру және нормативтік- құқықтық актілерді талқылау	12	Құқықты жүзеге асыру нысандары және әдісі. Құқық нормасын қолданылуының негізгі сатылары. Нормативтік-құқықтық актілердің уақыт ішіндегі және кеңістіктегі, тұлғалар ортасындағы әрекеті
		13	Құқық нормаларын талқылау түрлері. Құқықты түсіндіру әдістері (тәсілдері)
9	Құқықтық қатынастар. Құқықтық тәртіп, құқық бұзушылық және заң алдындағы жауаптылық	14	Құқықтық қатынастардың белгілері, элементтері. Заңи айғақтар және олардың түрлері.
		15	Құқық бұзушылық белгілері, элементтері және түрлері. Заң алдындағы жауаптылық түрлері және құқықтық санкциясы.
10	Құқықты реттеу механизмі. Қазіргі қоғамдағы заңдылық және құқықтық тәртіп	16	Құқықтық реттеу механизмі және оның элементтері. Құқықтық тәртіп пен заңдылықтың қамтамасыз ету әдістері және кепілі.

**Мәнемәтіндік тапсырмалар** (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Мемлекет және құқықтың түсінігі, пәні, әдісі және құқық ғылым жүйесіндегі орны:** Мемлекет және құқық теориясының пәні. Мемлекет және құқық теориясының әдістері. Заңи ғылым жүйесі Мемлекет және құқық теориясының функциялары.

**Мемлекеттің пайда болуы. Түсінігі, мәні, белгілері, тарихи типтері және қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттің орны:** Мемлекеттің егемендігінің, құқық шығармашылығының пайда болуы. Мемлекет түсінігі. Мемлекет әлеуметтік институт ретінде және саяси және аумақтық қоғамдық ұйым ретінде.

**Мемлекет нысаны (формасы):** Мемлекет нысанының элементтері және ұғымы. Басқару нысаны. Мемлекеттік құрылым нысаны. Саяси режим.

**Мемлекеттің функциялары. Мемлекет механизмі (аппараты). Құқықтық мемлекет және оның негізгі сипаты**

Мемлекет қызметінің мазмұнына түсінік және олардың топтастырылуы. Мемлекет механизмінің ұғымы, оның қызмет етуінің және құрылымының негізгі принциптері. Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік тағайындалуы және негізгі мақсаты, міндеті, функциялары, белгілері, сипаты.

**Құқық ұғымы және мәні. Қазіргі құқық ұғымы**



Құқықтың түсінігі, негізгі белгілері және құрылу жолдары. Құқықтың мәні және тарихи типтері. Құқықтық функциялар және олардың әлеуметтік жағдайы. Құқық қайнар көздері және түрлері.

**Құқық нормалары және оның құрылымы. Нормативтік - құқықтық актілер және оларды жүйелеу**

Құқық нормаларының белгілері және түсінігі. Құқық нормаларының құрамы. Құқық нормаларының түрлері.

Нормативтік-құқықтық актілер және олардың түрлері. Нормативтік-құқықтық актілерінің жүйелерінің ұғымы және түрлері.

**Әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық. Құқықтық сана және қоғам өміріндегі оның рөлі. Құқықшығармашылық.**

Әлеуметтік нормалар ұғымы және түрлері. Құқықтық сана ұғымы, құрылысы және түрлері. Заңгердің кәсіптік санасы. Құқықшығармашылық ұғымы, түрлері.

**Құқықты жүзеге асыру нысандары. Құқықтық нормаларды жүзеге асыру және нормативтік- құқықтық актілерді талқылау**

Құқықты жүзеге асыру түсінігі, оның нысандары және әдісі. Құқықты қолдану ұғымы және белгілері. Құқық нормасын қолданылуының негізгі сатылары.

Құқық нормаларын акт түрінде қолдану түсінігі, оның түрлері мен белгілері. Нормативтік-құқықтық актілердің уақыт ішіндегі және кеңістіктегі, тұлғалар ортасындағы әрекеті. Құқықтың ақаулары және орындарын толтыру тәсілдері. Құқық нормаларын талқылау ұғымы және оның түрлері.

**Құқықтық қатынастар. Құқықтық тәртіп, құқық бұзушылық және заң алдындағы жауаптылық**

Құқықтық қатынастар ұғымы, белгілері және элементтері Құқықтық қатынастардың негізінен пайда болуы, өзгеруі және тоқтатылуы. Заңи айғақтар және олардың түрлері.

Құқықтық тәртіптің ұғымы, оның негізі. Құқық бұзушылық ұғымы, түрлері, белгілері және құқық бұзушылық заңдық құрамы.

**Құқықты реттеу механизмі. Қазіргі қоғамдағы заңдылық және құқықтық тәртіп**

Құқықтық реттеу механизмі ұғымы және оның элементтері. Заңдылық ұғымы және құқықтық тәртіп. Құқықтық тәртіп пен заңдылықтың қамтамасыз ету әдістері және кепілі.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

**9. Ұсынылған әдебиет:**

1. Булгакова Д. А. Мемлекет және құқық теориясы, Алматы 2015

2.Е.Өміржанов Мемлекет және құқық теориясы, Практикум Алматы 2014


3.Ғ.С. Сапарғалиев, А.С. Ибраева Мемлекет және құқық теориясының негіздері; «Фолиант» бапасы, Астана-2015

4.С. Өзбекұлы, Ө. Қопабаев Мемлекет және құқық теориясы, Алматы «Жеті Жарғы» 2006

5.Жоламанов Х.Х., Таукелев А.Н., Мухтарова А.К. Мемлекет және құқық теориясы.-Алматы; Баспа, 2014

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

  
(қолы)

(Т.А.Ә)

«    »    2023ж.

